

## Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1051 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3401. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 9 сәуірдегі N 181 Бұйрығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.04.09 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.*

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 21-1)-тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесі б е к і т і л с і н .

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (С.Есбосынова) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 18 қазандағы N 688 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2538 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің 2003 жылғы N 37-42 N 879 бюллетенінде жарияланған) к ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым бірінші вице-министрі Г.Н.Гамарникке жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м ж ә н е ғы л ы м м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5 ж ы л ғы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғы  
N 1051 бұйрығымен бекітілген

**Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау  
ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 21-1) тармақшасын іске асыру мақсатында әзірленген және меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта, қосымша жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін (бұдан әрі - педагогикалық қызметкерлер) аттестаттау тәртібін айқындайды.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

2. Осы Ережеде мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 2) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау - педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;
- 3) біліктілік санаты - қызметкердің белгілі бір дәрежедегі күрделі кәсіби міндеттерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтік өлшемдерге сәйкес біліктілік деңгейі.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 261 бұйрығымен .*

3. Аттестаттау алдыңғы аттестаттаудың мерзімі өткеннен кейін 5 жылда кемінде бір рет өткізіледі.

С он д а й - а қ а т т е с т а т т а у :

атқаратын лауазымы бойынша санатын жоғарлату мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау туралы педагогикалық қызметкердің өтініші;

егер педагогикалық қызметкердің жұмыс сапасы атқаратын лауазымының біліктілігі мен санатының деңгейіндегі біліктілік талаптарына жауап бермейтін болса, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген педагогикалық кеңестің шешімі негізінде мерзімінен бұрын өткізілуі мүмкін.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

4. Аттестаттаудың негізгі қағидаттары аттестатталатын педагогикалық қызметкерге ашықтық, алқалылық, жүйелілік, объективтілікті қамтамасыз ететін сараптау бағасының жүйелілігі мен тұтастығы болып табылады.

5. Білім беру ұйымдарының басшылары, олардың орынбасарлары, алғашқы әскери дайындық пен дене тәрбиесінің жетекшілері, педагогикалық жүктемесі бар білім беру ұйымдарын басқару органдарының қызметкерлері, аттестаттаудан өзі жүргізетін пәні бойынша біліктілік санатын бекітуге жалпы негізде өтеді.

6. Республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін аттестаттауды Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік); меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта, қосымша жалпы білім беру ұйымдарын аттестаттауды облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары (департаменттері), аудандық (қалалық) білім және спорт бөлімдері жүзеге асырады.

*Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 261 бұйрығымен, 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен.*

## **2. Аттестаттау комиссиясы және оның құрамы**

7. Аттестаттау комиссиялары білім беру ұйымдарында, аудандық, қалалық білім бөлімдерінде (басқармаларында), облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларында (департаменттерінде), білім беру саласындағы орталық атқарушы органда, өз қарауында білім беру ұйымдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) және олардың аумақтық органдарында құрылады.

8. Аттестаттау комиссиялары аттестаттауды өткізудің нысандары мен рәсімдерін, нақты мерзімін айқындайды, аттестатталушының жұмысына талдау жүргізеді, аттестаттау қорытындысы бойынша шешім шығарады.

9. Аттестаттау комиссиялары мына құрамда құрылады: аттестаттау комиссиясының төрағасы - білім беруді басқару органының немесе білім беру ұйымының басшысы (немесе оның орынбасары), төрағаның орынбасары, комиссия хатшысы және мүшелері: білім беруді басқару органдарының мамандары, білім беру ұйымының басшылары, кадрлық және әдістемелік қызмет, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері, кәсіподақтың, оқу-әдістемелік бірлестіктердің өкілдері, жоғары оқу орындарының жетекші педагогикалық қызметкерлері енеді.

Аттестаттау комиссиясының құрамына енген білім беру жүйесі қызметкерлерінің олардың комиссия құрамындағы тікелей қызметі кезеңінде негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталады.

Білім беру ұйымының немесе білім беруді басқару органының аттестаттау комиссиясының дербес құрамы мен өкілеттілік мерзімдері педагогикалық кеңестің немесе білім беруді басқару органының ұсынымдарын ескере отырып, тиісінше білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

*Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен.*

10. Шағын жинақталған мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясы

базалық мектептің, мектепке дейінгі ұйымның жанынан тиісті білім беру ұйымын басқару органының басшысының немесе бағыныстылығы бойынша тиісті басқару органының бұйрығымен құрылуы мүмкін.

### **3. Аттестаттауды өткізу тәртібі**

11. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау әңгімелесу, шығармашылық есеп, авторлық әзірлемелерін қорғау түрінде оның қызметінің нәтижесін талдамалық қорыту негізінде жүргізіледі; бұл жағдайда:

1) пәндік, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік білімдер мен дағдыларды игеруі;

2) оқу-әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы;

3) аттестатталушының шығармашылық қызметі;

4) білім алушының практикалық дағдылары мен біліктілік деңгейі есептеледі.

Педагогикалық қызметкердің тәжірибелік қызметін сараптау бағасы, сондай-ақ кәсіби қызметінің нәтижесі психологиялық-педагогикалық диагностика түрінде іске асырылуы мүмкін.

12. Педагогикалық қызметкерді аттестаттаудан өткізу үшін:

1) бұрынғы аттестаттау мерзімінің өтуі;

2) біліктілік санатын кезекті жоғарлату туралы педагогикалық қызметкердің жеке өтініші;

3) санатын жоғарлату мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау туралы педагогикалық қызметкердің жеке өтініші;

4) педагогикалық қызметкердің жұмыс сапасы төмендеген жағдайда мерзімінен бұрын аттестаттау туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген педагогикалық кеңестің шешімі негіз болып табылады.

Өтініштерді қабылдауды білім беру ұйымдарының аттестаттау комиссиялары нысан бойынша (осы Ережеге 1-қосымша) жыл сайын 1 маусымға дейін жүзеге асырады.

*Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен.*

13. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау білім беру ұйымдарында ағымдағы оқу жылында 10 қазаннан 30 наурызға дейін, аудандық, қалалық білім бөлімдерінде (басқармаларында), облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларында (департаменттерінде), Министрлікте, өз қарауында білім беру ұйымдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) олардың аумақтық органдарында 10 сәуірден 10 мамыр аралығында жүргізіледі.

13-1. Кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндерінің оқытушыларын аттестаттау мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту, жалпы орта және қосымша білім беретін мекемелердің педагогикалық қызметкерлері лауазымының біліктілік сипаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

*Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

14. Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарының педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау кәсіптік орта білім беру оқу орындарының педагогикалық қызметкерлер лауазымының біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады .

*Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

1 5 - 1 6 . < \* >

*Ескерту: 15-16-тармақтар алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

17. Жалпы орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері (мұғалімдер) аттестаттаудан штаттық кестемен белгіленген және жеке еңбек шартында (жұмысқа қабылдау туралы бұйрық) көрсетілген лауазымы бойынша өткізіледі.

Педагогикалық қызметкер (мұғалім) оқытатын пәндер оның дипломында бір біліктілік ретінде (физика мен математиканың мұғалімі, химия мен биологияның мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, т.б.) көрсетілген пәндерге сәйкес болған жағдайда, аттестация дипломында көрсетілген біліктілігіне сәйкес пәндерден негізгі лауазымы бойынша бірдей санат берілуімен (бірінші санатты физика мен математика мұғалімі, химия мен биологияның мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, т.б.) өткізіледі.

Мемлекеттік тілді оқытатын, бірақ тиісті кәсіптік білімі жоқ педагогикалық қызметкерлер "Қазақ тілі" пәні бойынша аттестаттаудан өтуі керек.

Лауазымдарды қоса атқаратын барлық басқа жағдайларда педагогикалық қызметкер (мұғалім) қоса атқаратын лауазым бойынша осы Ережелердің 22-тармағының 3-тармақшасының 4 азат жолында көрсетілген шарттарға сай аттестаттаудан өтеді .

Бейіні бойынша кәсіптік білімі бар кәсіптік бастауыш және орта білім беретін оқу орындарында әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіби және арнаулы пәндерден сабақ беретін педагогикалық қызметкерлер аттестаттаудан арнаулы пәндер оқытушысының лауазымы бойынша өтеді.

*Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 261 бұйрығымен , 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

18. Комиссия әрбір педагогикалық қызметкер бойынша мынадай қорытындылардың бірін шығарады:

белгіленген біліктілік деңгейінің талаптарына сәйкес келеді;  
тиісті санаттардың біліктілік талаптарына сәйкес келеді;  
тиісті санаттардың біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

19. Педагогикалық қызметкерлерге бірінші санатты беру (төмендету) туралы шешімді тікелей білім беру ұйымдарын басқару органдарының аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары санатты беру (төмендету) туралы аттестаттау комиссиясының шешімін облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттерінің) аттестаттау комиссиялары бекітеді.

Республикалық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары, бірінші санаттарды беру (төмендету) туралы шешімді білім беру саласындағы орталық атқарушы органның аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Басқа ведомстволардың білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары, бірінші санаттарды беру (төмендету) туралы шешімді осы ведомстволардың аттестаттау комиссиясы бекітеді.

*Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен.*

20. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді және аттестаттау парағына тиісті жазба жасалады (осы Ережеге 2-қосымша).

Хаттама мен аттестаттау парағына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және дауыс беруге қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қолдары қойылады.

Егер комиссияның мәжілісіне оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда шешім жарамды болып саналады.

Дауыс берудің нәтижесі қорытынды мәжіліске қатысқан комиссия мүшелері санының басым дауыс беруімен анықталады. Дауыс тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылатын қызметкерді аттестаттау кезінде педагогикалық қызметкер дауыс беруге қатыспайды.

21. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижесімен бірге аттестаттау комиссияның шешімдері туралы хаттама мен жоғары және бірінші санатты беруге арналған педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау парағының көшірмесін тиісті білім беруді басқару органдарына ұсынады.

22. Осы Ережеге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта, кәсіптік және кәсіптік орта бастауыш білім беру ұйымдарының педагогикалық

қызметкерлері өзінде бар біліктілік санаттарының қолдану мерзімі өткенге дейін, бұрынғыдан жоғары біліктілік санатқа аттестаттаудан өтуі мүмкін:

1) жоғары біліктілік санатқа:

өз пәндері бойынша олимпиадалар, конкурстар, көрмелер (облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі облыстық, Астана, Алматы қалалары) жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

педагогикалық шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, конференциялардың, семинарлардың (облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі) қатысушылары;

облыстық немесе республикалық деңгейлерде тәжірибесі пысықталатын, тұлғалар;

өндірістен педагогикалық кәсіптік бастауыш және орта білім беретін оқу орындарына жұмысқа ауысқан және бейіні бойынша 5 жылдан кем емес өндірістік жұмыс стажы бар тұлғалар

облыстық немесе республикалық деңгейде тәжірибесі пысықталып, таратылған адамдар;

2) бірінші біліктілік санатқа:

педагогикалық шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, конференциялардың, семинарлардың (аудандық, қалалық деңгейдегі) қатысушылары;

аудандық, қалалық деңгейде тәжірибесі пысықталып, таратылған адамдар;

өндірістен педагогикалық кәсіптік бастауыш және орта білім беретін оқу орындарына жұмысқа ауысқан және бейіні бойынша 3 жылдан кем емес өндірістік жұмыс стажы бар тұлғалар;

3) екінші біліктілік санатқа:

кәсіптік жоғары оқу орнын "үздік" бітірген, бір жылдан кем емес педагогикалық стажы бар адамдар;

кәсіптік орта оқу орнын "үздік" бітірген, бір жылдан кем емес педагогикалық стажы бар адамдар;

пән бойынша тиісті білімі жоқ, бірақ шығармашылық есеп немесе оқу-әдістемелік әзірлемені қорғаған және республикалық, облыстық, (қалалық) біліктілікті арттыру институттарында біліктілік арттыру курстарынан өткен адамдар;

өндірістен педагогикалық кәсіптік бастауыш және орта білім беретін оқу орындарына жұмысқа ауысқан және бейіні бойынша 2 жылдан кем емес өндірістік жұмыс стажы бар тұлғалар.

Егер педагогикалық қызметкерге мәлімделген біліктілік санаты берілмесе, оның бұрынғы біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

*Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

23. Педагогикалық қызметкерлер біліктілік санаттарының қолдану мерзімі өткеннен кейін, олардың өтініші негізінде бір жылдан артық емес мерзімге мынадай жағдайларда ұзартылады:

- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық;
- 2) жүктілік және бала туу, баланы күту бойынша демалыста болғанда;
- 3) іссапарда мамандығы бойынша шетелде жұмыста болғанда;
- 4) тоқтатқан себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы қызметіне қайта келуіне байланысты.

Педагогикалық қызметкердің біліктілік санатының мерзімі аяқталған жағдайда, зейнеткерлік жасқа дейін 4 жылдан аз болса, оның біліктілік санаты зейнеткерлік жасқа жеткенше сақталады, егер педагогикалық қызметкер педагогикалық қызметін зейнеткерлік жасқа толған мерзімнен бастап тоқтатқан жағдайда ол туралы аттестаттау комиссиясына хабарлайды.

24. Аттестаттау барысында өзінде бар біліктілік санатын растамаған қызметкерге уақыты өтіп кеткен жағдайда тиісті аттестаттау комиссиясының шешімімен біліктілік санаты төмендетіледі.

25. Аттестаттау комиссиясының шешіміне келіспеген жағдайда аттестатталушы сот тәртібі арқылы шағымдануға құқылы.

*Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 261 бұйрығымен .*

#### **4. Аттестаттау комиссиясының шешімдерін іске асыру**

26. Білім беру ұйымының басшысы аттестаттау комиссиясының шешімінің негізінде бір ай мерзімде педагогикалық қызметкерлерге тиісті біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық шығарады.

27. Аттестаттау нәтижесі бойынша педагогикалық қызметкерлерге белгіленген үлгідегі (осы Ережеге 3-қосымша) куәліктер табыс етіледі. Куәлікке білім беру ұйымы басшысының қолы қойылып, мөрмен расталады. Куәліктің көшірмесі педагогикалық қызметкердің жеке ісінде сақталады. Куәліктерді беру парақтары белгіленген тәртіппен нөмірленген және жіппен қатталған журналда (осы Ережеге 4-қосымша) тіркеледі.

Біліктілік санаттары берілгені туралы белгіленген тәртіппен ресімделген куәліктер Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Аттестаттау қорытындысы бойынша біліктілік талаптары тағайындалған педагогикалық қызметкердің еңбек кітапшасына тиісті жазба жасалады.



28. Аттестаттаудың қорытындысы бойынша тағайындалған біліктілік талаптары және тиісті санат бойынша еңбек ақы аттестатталған кезекті оқу жылының 1 қыркүйегінен күшіне енеді.

*Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

29. Басқа педагогикалық лауазымға немесе білім жүйесіндегі жаңа жұмыс орнына ауысқан жағдайда, сондай-ақ тұрғылықты жерін (Қазақстан Республикасы шегінде) объективті өзгертуіне байланысты қызметкердің бұрынғы жұмыс орнындағы педагогикалық қызметіне тағайындалған біліктілік талаптарына сәйкес еңбек ақы деңгейі сақталады.

*Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығымен .*

30. Аттестаттауға байланысты еңбек даулары қолданыстағы заңнамаларға сәйкес қаралады.

Педагогикалық қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне

1-қосымша

аттестаттау комиссиясының атауы  
/педагогикалық қызметкердің Т.А.Ә./  
/лауазымы, жұмыс орны/

### ӨТІНІШ

Мені 200\_\_\_\_ жылы Лауазым (лауазымдар) бойынша \_\_\_\_\_  
біліктілік санатына аттестаттауыңызды өтінемін

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстым

/бар біліктілік санаты, оның әрекетінің мерзімі/

өтініште көрсетілген біліктілік санатына аттестаттау үшін мынадай жұмыс нәтижелерін негіздеме ретінде санаймын:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Б і л і м і

Қандай білім беру ұйымын бітірді, бітірген жылы, мамандығы, қандай біліктілік алды

Мамандығы бойынша жұмыс стажы \_\_\_\_\_

Осы лауазымы бойынша жұмыс стажы \_\_\_\_\_

Осы білім беру ұйымындағы жұмыс стажы \_\_\_\_\_

Наградалары, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

200\_\_\_\_ "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

қолы

Педагогикалық қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне

2-қосымша

(министрліктің немесе ведомствоның атауы)

(білім беру ұйымдарының атауы)

**АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ**

(тегі, аты, әкесінің аты - санаты көрсетілген лауазымы)

Туған күні мен жылы \_\_\_\_\_ Ұлты \_\_\_\_\_

Педагогикалық \_\_\_\_\_ стажы \_\_\_\_\_

Атқарып отырған лауазымы бойынша еңбек стажы \_\_\_\_\_

Аталған білім беру ұйымындағы еңбек стажы \_\_\_\_\_

Білімі \_\_\_\_\_

(қай оқу орнын бітірді және қашан, алған мамандығы мен

\_\_\_\_\_

біліктілігі)

Біліктілігін арттыруы туралы мәлімет \_\_\_\_\_

/мерзімі, атауы, өткен орны, куәліктің N\_

Наградалары, атағы, ғылыми атағы мен дәрежесі: \_\_\_\_\_

Аттестатталушының жұмысы туралы пікір \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясының тұжырымы:

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Жұмыс туралы пікірмен және тұжырыммен таныстым

(аттестатталушының қолы)

\_\_\_\_\_ жыл. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Аттестаттау \_\_\_\_\_ комиссиясының \_\_\_\_\_ шешімі

\_\_\_\_\_ жыл. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Төрағаның орынбасары

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Комиссия

мүшелері

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Педагогикалық қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне

3-қосымша

**Біліктілік санатын беру туралы**

**КУӘЛК**

Осы куәлік аттестаттау комиссияның "\_\_\_" \_\_\_\_\_ шешіміне сәйкес

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

(білім беру ұйымының толық атауы)

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_ бұйрығымен

\_\_\_\_\_

лауазымның атауы мен санаты жазбаша

оған біліктілік санаты берілді  
Аттестаттау комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Аттестаттау комиссияның хатшысы

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Берілген күні

Педагогикалық қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне

4-қосымша

**Қызметкерлерге біліктілік санаты берілгені  
туралы куәліктерді тіркеу журналының нысаны**

(білім беру ұйымының атауы)

р/с N	тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы м е н берілген біліктілік санатының атауы	Аттестат- тау комиссия- с ы шешімінің күні	Біліктілік санаты берілгені туралы бұйрықтың нөмірі мен күні	Куәлік- тің беріл- ген күні	Куәлік алушы- ның қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК